**Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің "Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 және " Көмірсутектер саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 139 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 31 қазандағы № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 карашада № 30425 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9998 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Көмірсутектер саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 139 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20383 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Көмірсутектер саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Энергетика министрі* *Б. Акчулаков*

**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Ұлттық экономика министрлігі**

**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Цифрлық даму, инновациялар және**
**аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 31 қазандағы
№ 338 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 28 қазандағы
№ 77 бұйрығымен
бекітілген

## Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

| р/с № | Біліктілік талаптары | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі мыналардың болуын қамтиды: | | | |
| | Заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны | | көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау; көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), немесе жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің болуы | мәлімделген қызметтің кіші түріне бекітілген технологиялық регламенттің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны* | құжаттарын жасау; магистральдық құбырларды пайдалану жөніндегі қызмет үшін талап етілмейді.<br>Бекітілген технологиялық регламенттің болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі:<br>1) кіші қызмет түрлері үшін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініште көрсетілген мекенжай бойынша өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/ қойманың/ цехтың) болуы:<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде | | меншік құқығында немесе өзге заңды негізде өндірістік база болған жағдайда (бір жылдан астам мерзімге жалдау/ сенімгерлік басқару) ақпарат "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұңғымаларды бұрғылау; көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою; көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу; көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту; теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар ; мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану; 2) көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау; көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасауға байланысты қызметтің кіші түрі үшін – лицензияны және (немесе ) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініште көрсетілген мекенжай бойынша ғимарат немесе тұрғын емес үй-жайдың ( кеңсенің) болуы | 1) өндірістік базаның / ғимараттың/тұрғын емес үй-жайдың (кеңсенің) техникалық паспортының (жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамалары) түгендеу нөмірі; 2) жалға алу/сенімгерлік басқару жағдайында – жалға алу/сенімгерлік басқару шартының нөмірі , күні, мерзімі қамтылған мәліметтер нысаны* | мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінен алынады. Көрсетілген объектілердің және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | Мәлімделген кіші қызмет түрлері үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде: | | |
| | | | дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге де |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер үшін – ұңғымалық аспаптар мен жабдықтар (терендік сынамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен температураны өлшеу) және түсіру-көтеру операцияларына арналған қондырғының ( шығырдың) болуы | ұңғымалық аспаптардың (терендік сынамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен температураны өлшеу) және ұңғымадағы түсіру-көтеру операцияларына арналған қондырғының (шығырды ) атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін;<br>орналасқан жерін***<br>қамтитын мәліметтер нысаны* | сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.<br>Ұңғымалық аспаптар мен қондырғының ( шығырдың) және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | 2) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары үшін – сейсмикалық станцияның және сейсмикалық барлау жабдықтарының болуы | сейсмикалық станция мен сейсмикалық барлау жабдығының атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін;<br>орналасқан жерін***<br>қамтитын мәліметтер нысаны* | дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге де сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі<br>Сейсмикалық станцияның, сейсмикалық барлау жабдығының және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | | | дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 3) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар үшін – ұңғымалық аспаптардың және жабдықтың (тереңдік сынамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен температураны өлшеу, акустикалық, электрлік және радиоактивті каротаж аспаптары) және ұңғымадағы түсіру-көтеру операцияларына арналған қондырғының (шығырдың) болуы | ұңғымалық аспаптардың (тереңдік сынамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен температураны өлшеу, акустикалық, электрлік және радиоактивті каротаж аспаптары) және ұңғымадағы түсіру-көтеру операцияларына арналған қондырғының (шығырды) атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін;<br>орналасқан жерін*** қамтитын мәліметтер нысаны* | вин-кодтың нөмірі немесе өзге де сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі<br>Ұңғымалық аспаптар мен қондырғының (шығырдың) және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | 4) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары үшін: рұқсаттың не жарылғыш заттарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаты бар ұйыммен жасалған шарттың; қойманың немесе жарылғыш заттарды сақтауға арналған қоймасы бар мамандандырылған ұйыммен шарттың; перфорациялық жабдықтың болуы | рұқсаттың атауын, нөмірін және берілген күнін не жарылғыш заттарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаты бар ұйыммен жасалған шарттың нөмірін және берілген күнін;<br>жарылғыш заттарды сақтауға арналған қойманың не жарылғыш заттарды сақтауға арналған қоймасы бар мамандандырылған ұйыммен шарттың болуы туралы ақпаратты;<br>қойманың орналасқан жерін***;<br>перфорациялық жабдықтың атауын, маркасын, шығарылған жылын қамтитын мәліметтер нысаны* | қойманың, жабдықтың және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | | бұрғылау қондырғысын, бұрғылау сорғысын, | тиісті қондырғылардың, жабдықтың, сорғының, тораптың және растайтын құжаттардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 5) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұңғымаларды бұрғылау үшін – бұрғылау қондырғысының, бұрғылау сорғысының, шығарындыға қарсы жабдықтың, бұрғылау ерітіндісін дайындау, циркуляциялау және тазалау торабының болуы | шығарындыға қарсы жабдықтың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін; бұрғылау ерітіндісін дайындау, циркуляциялау және тазалау торабының болуы туралы ақпаратты; орналасқан жерін*** қамтитын мәліметтер нысаны* | болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | 6) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою үшін – ұңғымаларды жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою жөніндегі көтергіш қондырғының; шығарындыға қарсы жабдықтың, сорғы агрегатының және ыдыстың болуы | ұңғымаларды жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою бойынша көтергіш қондырғының; шығарындыға қарсы жабдықтың, сорғы агрегатының атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін; ыдыстың болуы туралы ақпаратты; орналасқан жерін*** қамтитын мәліметтер нысаны* | дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге де сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.<br>Тиісті қондырғылардың, жабдықтың, агрегаттың, ыдыстың және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | | цементтеу агрегаттарының атауын, | дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге де сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.<br>Тиісті агрегаттардың, ыдыстың және растайтын құжаттардың болуын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | 7) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу үшін – мамандандырылған цементтеу агрегаттарының және ыдыстардың болуы | маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін**; ыдыстың болуы туралы ақпаратты; орналасқан жерін*** қамтитын мәліметтер нысаны* | лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | 8) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін – сорғы агрегаттарының болуы | сорғы агрегаттарының атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін**; орналасқан жерін*** қамтитын мәліметтер нысаны* | дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге де сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Сорғы агрегаттарының және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | 9) теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар | теңізде мұнай жинау құрылғысының, қалқымалы резервуарлар мен бондық бөгеттердің** атауын, маркасын; | тқұрылғылардың, резервуарлардың, бөгеттердің және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" |

| | | |
|---|---|---|
| үшін – теңізде мұнай жинау құрылғысы, қалқымалы резервуарлар мен бондық бөгеттердің болуы | орналасқан жерін*** қамтитын мәліметтер нысаны* | Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| 10) мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану үшін: негізгі технологиялық қондырғылар мен жабдықтың; мұнай-химия өндірісі үшін қажетті қоймалардың; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген зертхананың немесе өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының болуы | негізгі технологиялық қондырғылардың және жабдықтың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін; мұнай-газ-химия өндірісі үшін қажетті қоймалардың болуы туралы ақпаратты; зертханаға берілген аккредиттеу аттестатының нөмірін және күнін немесе өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының нөмірін және берілген күнін қамтитын мәліметтер нысаны* | негізгі технологиялық қондырғылардың, жабдықтың, қоймалардың, зертханалардың және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| 11) көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау үшін – көмірсутектер саласында жобалауға арналған лицензиялық бағдарламалық қамтылымның болуы ( кен шоғырларының құрылымын, стратиграфиясын және қасиеттерін сипаттауды, көмірсутектерді өндіру көлемін әзірлеу және болжау жүйесін жобалау үшін мұнай және газ қабаттарын (кен шоғырларын) | лицензиялық бағдарламалық қамтылымдардың атауын | лицензиялық бағдарламалық қамтылымдардың, мамандандырылған техниканың және (немесе ) жабдықтың және растайтын құжаттардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | гидродинамикалық модельдеуді көздейтін мұнай және газ кен орындарын геологиялық модельдеу бойынша); мамандандырылған техниканың және (немесе ) жабдықтың ( компьютерлер, принтер, плоттер (суреттерді, схемаларды, күрделі сызбаларды, карталарды және көлемі А0 немесе калькаға дейінгі қағаздағы басқа да графикалық ақпаратты үлкен дәлдікпен автоматты түрде сызуға арналған құрылғы), кәсіпшілік зерттеулерге арналған ұңғыма аспаптарының (тереңдік сынамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен температураны өлшеу) және жобалау үшін пайдаланылатын ұңғымадағы түсіру-көтеру операцияларына арналған қондырғының ( шығырдың) болуы | ; лицензиялық бағдарламалық қамтылымдарды пайдаланудың заңды құқығын растайтын құжаттардың нөмірі мен күнін; қолданылатын компьютерлердің, принтердің, плоттердің атауларын, маркалары мен санын; орналасқан жерін*** қамтитын мәліметтер нысаны* | болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | 12) көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау үшін – көмірсутектер саласында жобалауға арналған лицензиялық бағдарламалық қамтылымның ( ұңғымаларды бұрғылауды жобалауды ( ұңғымаларды өткізу, қысым градиенттерін және гидродинамикалық сипаттамаларды есептеу, бұрғылау және шегендеу бағаналарын есептеу, цементтеу процесін есептеу); мамандандырылған техниканы және (немесе) жабдықтың ( | лицензиялық бағдарламалық қамтылымның атауын; лицензиялық бағдарламалық қамтылымды пайдаланудың заңды құқығын растайтын құжаттардың нөмірі мен күнін; қолданылатын компьютерлердің, принтердің, плоттердің, атауларын, маркалары мен санын; | лицензиялық бағдарламалық қамтылымның, мамандандырылған техниканың және (немесе ) жабдықтың және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | компьютерлер, принтер, плоттер (суреттерді, схемаларды, күрделі сызбаларды, карталарды және көлемі А0 немесе калькаға дейінгі қағаздағы басқа да графикалық ақпаратты үлкен дәлдікпен автоматты түрде сызуға арналған құрылғы) болуы | орналасқан жерін*** қамтитын мәліметтер нысаны* | берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| 4 | Магистральдық құбырларды пайдалану үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде:<br>1) магистральдық құбырдың;<br>2) қызметтің кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын магистральдық құбырды пайдалануды қамтамасыз ететін аспаптар мен жабдықтың болуы;<br>3) магистральдық құбырларды техникалық диагностикалау үшін – диагностикалық аспаптардың;<br>4) магистральдық құбырларға техникалық қызмет көрсету үшін – бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдар мен жабдықтардың;<br>5) заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалардың; жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының (бағдарламаларының) болуы | 1) магистральдық құбырлардың желілік бөлігінің ұзындығын көрсете отырып, магистральдық құбырлардың болуын растайтын құжаттардың атауын, нөмірін және күнін;<br>2) қызметтің кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын, магистральдық құбырларды пайдалануды қамтамасыз ететін аспаптар мен жабдықтардың атауын;<br>3) магистральдық құбырларды техникалық диагностикалау үшін – диагностикалық аспаптардың атауын;<br>4) магистральдық құбырларға техникалық қызмет көрсету үшін – бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдардың, жабдықтардың атауын;<br>5) бағдарламалар мен жоспарлардың атауы мен бекітілген күнін қамтитын мәліметтер нысаны* | "магистральдық құбырларды пайдалану" қызметінің кіші түріне ғана қолданылады.<br>Магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының, аспаптардың, құралдардың, жабдықтардың, бағдарламалардың, жоспарлардың және растайтын құжаттардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| | Мыналарды: | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсетуді;<br>2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздікті;<br>3) қоршаған ортаны қорғауды;<br>4) метрологиялық бақылауды;<br>5) технологиялық процесті және берілген сападағы өнімдерді шығаруды сақтауды ("мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне ғана қолданылады);<br>6) магистральдық құбырларды пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды ("магистральдық құбырларды пайдалану" қызметінің кіші түріне ғана қолданылады) қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы | жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны* | көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау; көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау жөніндегі қызмет үшін талап етілмейді.<br>Бұйрықтардың болуын лицензиар өтініш берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |
| 6 | Мынадай біліктілік құрамының болуы:<br>1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада | мынадай ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*:<br>1) мәлімделген кіші қызмет түрлерін ұйымдастыруды жүзеге асыратын техникалық басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); | техникалық басшыға және мамандар үшін көмірсутектер саласындағы практикалық жұмыс тәжірибесі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттарға сәйкес анықталады.<br>Мамандардың білікті құрамының (тиісті білімін, өтілін, жұмыс тәжірибесі мен лауазымын растайтын құжаттар) болуын лицензиар өтініш |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл ;<br>2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман | 2) мәлімделген қызметтің кіші түрлерін орындайтын 3 маманның тегі, аты, әкесінің аты ( бар болса) | берушіге бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізу жолымен анықтайды, оның нәтижелері бойынша " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасалады |

Ескертпелер:

* Мәліметтер нысаны осы Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшада көрсетілген;

** кемінде екі агрегаттың, резервуарлардың және бондық бөгеттердің болуы;

*** қондырғыларды, техниканы, аспаптар мен жабдықтарды орналастыру орны рұқсаттық бақылау жүргізу үшін көрсетіледі.

Көмірсутектер саласындағы
қызметті жүзеге асыру үшін
қойылатын біліктілік талаптары
мен оларға сәйкестікті
растайтын құжаттар тізбесіне
қосымша

**Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны***

1. Технологиялық регламенттің болуы туралы (көмірсутектер кен орындарына арналған
базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау ;
көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау;
магистральдық құбырларды пайдалану жөніндегі қызмет үшін қолданылмайды):
__________________________________________________________________________.
(мәлімделген қызметтің кіші түріне технологиялық регламенттің болуы туралы ақпарат )
2. Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі:
1) кіші қызмет түрлері үшін – өндірістік базаның (өндірістік үй- жайдың/қойманың/ цехтың)

болуы:
көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер;
көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары;
көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар;
көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары;
көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында
ұңғымаларды бұрғылау;
көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру,
сынамалау, консервациялау, жою;
көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу;
көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және
ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту;
теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар;
мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану

______________________________________________________________________________
_;
(өндірістік базаның техникалық паспортының (жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамалары) түгендеу нөмірі; жалдау/сенімгерлік басқару жағдайында –
жалдау/сенімгерлік басқару мерзімдерін көрсете отырып, шарттың нөмірі мен күні)*
2) көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау; көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасауға байланысты қызметтің кіші түрі үшін – ғимараттың, тұрғын емес үй-жайдың (кеңсенің) болуы

______________________________________________________________________________
_.
(ғимараттың/тұрғын емес үй–жайдың (кеңсенің) техникалық паспортының ( жылжымайтын
мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамалары) түгендеу нөмірі;
жалдау/сенімгерлік басқару мерзімдерін көрсете отырып,
жалдау/сенімгерлік басқару жағдайында – шарттың нөмірі мен күні)*
Осы тармаққа ескертпе:
* егер меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі (жалдау/сенімгерлікпен басқару
шартының мерзімі бір жылдан көп болса) өндірістік база/ғимарат/тұрғын емес үй-жай

(кеңсе) болған жағдайда, ақпарат "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер
қоры" ақпараттық жүйесінен алады.
3. Мәлімделген кіші қызмет түрлері үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде:
1) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер үшін:

____________________________________________________________________________;
(ұңғымалық аспаптардың (тереңдік сынамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен
температураны өлшеу) және ұңғымадағы түсіру-көтеру операцияларына арналған
қондырғының (шығырдың) атауы, маркасы, шығарылған жылы,
дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі * орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпелер:
* ұңғымалық аспаптарды және қондырғыларды (шығырларды) дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі
көрсетіледі;
*** аспаптар мен қондырғылардың (шығырлардың) орналасқан жері рұқсаттық бақылауды
жүзеге асыру үшін көрсетіледі;
2) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары үшін:

_____________________________________________________________________________;
(сейсмикалық станция мен сейсмикалық барлау жабдығының атауы, маркасы, шығарылған
жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі*; орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпелер:
* сейсмикалық станцияны және сейсмикалық барлау жабдығын дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге де сәйкестендіру нөмірі
көрсетіледі;
*** сейсмикалық станция мен сейсмикалық барлау жабдығының орналасқан жері рұқсаттық
бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі;
3) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар үшін:

_____________________________________________________________________________;
(ұңғымалық аспаптардың (тереңдік сынамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен

температураны өлшеу, акустикалық, электрлік және радиоактивті каротаж аспаптарының)
және ұңғымадағы түсіру-көтеру операцияларына арналған қондырғының (шығырдың) атауы,
маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі*, орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпелер:
* ұңғымалық аспаптарды және қондырғыларды (шығырларды) дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі
көрсетіледі;
*** аспаптар мен қондырғылардың (шығырлардың) орналасқан жері рұқсаттық бақылауды
жүзеге асыру үшін көрсетіледі;
4) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау- жару жұмыстарын
жүргізу үшін:
рұқсаттың не жарылғыш заттарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаты бар ұйыммен жасалған шарттың болуы

_________________________________________________________________________________;
(жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға
рұқсаттың атауы, нөмірі және берілген күні)

_________________________________________________________________________________;
(жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға
рұқсаты бар ұйыммен жасалған шарттың атауы, нөмірі және берілген күні)*
Осы тармақшаға ескертпе:
* ұйымның жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі
қолдануға рұқсаты бар болған жағдайда жол толтырылмайды; жарылғыш заттарды сақтауға
арналған қойманың не жарылғыш заттарды сақтауға арналған қоймасы бар
мамандандырылған ұйыммен шарттың болуы

_________________________________________________________________________________;
(жарылғыш заттарды сақтауға арналған қойманың болуы туралы ақпарат; қойманың

орналасқан жері***)
_______________________________________________________________________________
____;
(жарылғыш заттарды сақтауға арналған қоймасы бар мамандандырылған ұйыммен шарттың
болуы туралы ақпарат; қойманың орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпе:
* ұйымның қоймасы жеке меншік құқығында болған жағдайда, жол толтырылмайды;
*** қойманың орналасқан жері рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі;
перфорациялық жабдықтың болуы
_______________________________________________________________________________
___;
(перфорациялық жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы)
5) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында
ұңғымаларды бұрғылау үшін:
бұрғылау қондырғысының, бұрғылау сорғысының, шығарындыға қарсы жабдықтың болуы
_______________________________________________________________________________
___;
(бұрғылау қондырғысы, бұрғылау сорғысы, шығарындыға қарсы жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі; орналасқан жері ***)
бұрғылау ерітіндісін дайындау, циркуляциялау және тазалау торабының болуы
_______________________________________________________________________________
___;
(бұрғылау ерітіндісін дайындау, циркуляциялау және тазалау торабының болуы туралы ақпарат;
орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпе:
*** бұрғылау қондырғысының, бұрғылау сорғысы, шығарындыға қарсы жабдықтың, бұрғылау ерітіндісін дайындау, циркуляциялау және тазарту торабының орналасқан жері
рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі;
6) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау,
игеру, сынамалау, консервациялау, жою үшін:
ұңғымаларды жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою бойынша көтергіш

қондырғының; шығарындыға қарсы жабдықтың, сорғы агрегаты мен ыдыстың болуы

___________________________________________________________________________

__;
(ұңғымаларды жөндеуге, сынауға, игеруге, сынамалауға, консервациялауға, жоюға арналған
көтергіш қондырғының; шығарындыға қарсы жабдықдың, сорғы агрегатының атауы, маркасы,
шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі*; орналасқан жері***)
ыдыстың болуы туралы ақпарат

___________________________________________________________________________

_;
(ыдыстың болуы туралы ақпарат; орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпелер:
* дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда, вин-кодтың нөмірі немесе өзге
де сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
*** ұңғымаларды жөндеуге, сынауға, игеруге, сынамалауға, консервациялауға, жоюға арналған көтергіш қондырғының, шығарындыға қарсы жабдықтың, сорғы агрегатының орналасқан жері рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі;
7) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу үшін:
мамандандырылған цементтеу агрегаттарының болуы туралы

___________________________________________________________________________

_;
(цементтеу агрегаттарының атауы**, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың
сериялық нөмірі*; орналасқан жері***)
ыдыстың болуы туралы

___________________________________________________________________________

_;
(ыдыстың болуы туралы ақпарат; орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпелер:
* дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге
де сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
** кемінде екі цементтеу агрегатының болуы;
*** мамандандырылған цементтеу агрегаттары мен ыдыстардың орналасқан жері рұқсаттық
бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі;

8) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру
және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін:
сорғы агрегаттарының болуы туралы

______________________________________________________________________________
_;
(сорғы агрегаттарының** атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі*; орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпелер:
* дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі болмаған жағдайда вин-кодтың нөмірі немесе өзге
де сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
** кемінде екі сорғы агрегаттың болуы;
*** сорғы агрегаттарының орналасқан жері рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі;
9) теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар үшін:

______________________________________________________________________________
_;
(теңіздегі мұнай жинау құрылғысының, қалқымалы резервуарлар мен бондық бөгеттердің**
атауы, маркасын; орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпелер:
** теңізде кемінде екі құрылғының, жүзбелі резервуарлардың және бондық бөгеттердің болуы;
*** теңізде мұнай жинау құрылғысының, қалқымалы резервуарлардың және бондық бөгеттердің орналасқан жері рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі;
10) мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану үшін: негізгі технологиялық қондырғылардың
және жабдықтардың болуы туралы

______________________________________________________________________________
;
(негізгі технологиялық қондырғылар мен жабдықтардың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі) мұнай-газ-химия өндірісі үшін қажетті қоймалардың болуы туралы

______________________________________________________________________________
;
(қоймалардың болуы туралы ақпарат) аккредиттелген зертхананың немесе аккредиттелге

зертханамен қызмет көрсетуге шарттың болуы туралы

___________________________________________________________________________;
(өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша
зертханаға берілген аккередиттеу аттестаттың нөмірі және күні)

___________________________________________________________________________.
(өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша
аккредиттелген зертханамен қызмет көрсетуге арналған шарттың нөмірі және берілген күні)*
Осы тармақшаға ескертпе:
* ұйымның өзінің зертханасы бар болған жағдайда жол толтырылмайды;
11) көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау үшін:
лицензиялық бағдарламалық қамтылымның болуы

___________________________________________________________________________;
(лицензиялық бағдарламалық қамтылымның атауы; лицензиялық бағдарламалық
қамтылымды пайдаланудың заңды құқығын растайтын құжаттардың нөмірі мен күні)
кәсіпшілік зерттеулерге арналған компьютерлердің, принтерлердің, плоттерлердің, ұңғыма
аспаптарының (тереңдік сынамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен температураны өлшеу)
және ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған қондырғының (шығырдың) болуы

___________________________________________________________________________;
(кәсіпшілік зерттеулерге арналған қолданылатын компьютерлердің, принтерлердің,
плоттерлердің, ұңғымалық аспаптардың (тереңдік сынамаларды алу, қабаттық қысым мен
температураны өлшеу) және ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған
қондырғының (шығырдың) атаулары, маркалары мен саны; орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпе:
*** мамандандырылған техниканың және (немесе) жабдықтың орналасқан жері рұқсаттық
бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі;

12) көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау үшін:
лицензиялық бағдарламалық қамтылымның болуы
____________________________________________________________________________
_;
(лицензиялық бағдарламалық қамтылымның атауы; лицензиялық бағдарламалық
қамтылымды пайдаланудың заңды құқығын растайтын құжаттардың нөмірі мен күні)
компьютерлердің, принтерлердің және плоттерлердің болуы
____________________________________________________________________________
_.
(пайдаланылатын компьютерлердің, принтердің және плоттердің атауы, маркасы мен саны;
орналасқан жері***)
Осы тармақшаға ескертпе:
*** мамандандырылған техниканың және (немесе) жабдықтың орналасқан жері рұқсаттық
бақылауды жүзеге асыру үшін көрсетіледі.
4. Магистральдық құбырларды пайдалану үшін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды
негізде мыналардың болуы:
1) магистральдық құбырлар
____________________________________________________________________________
;
(магистральдық құбырлардың желілік бөлігінің ұзындығын көрсете отырып, магистральдық
газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының болуын
растайтын құжаттардың атауы, нөмірі және берілген күні)
2) мәлімделген кіші қызмет түрлеріне қажетті техникалық талаптарға сәйкес қолданылатын
магистральдық құбырларды пайдалануды қамтамасыз ететін аспаптары және жабдықтары
____________________________________________________________________________
;
(мәлімделген кіші қызмет түрлеріне қажетті техникалық талаптарға сәйкес қолданылатын
магистральдық құбырларды пайдалануды қамтамасыз ететін аспаптардың және
жабдықтардың атауы)
3) магистральдық құбырларды техникалық диагностикалау үшін:

_______________________________________________________________________________
;
(диагностикалық аспаптардың атауы)
4) магистральдық құбырларға техникалық қызмет көрсету үшін:

_______________________________________________________________________________
;
(бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдардың,жабдықтардың атауы)
5) заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып, қолданыстағы өндірістік
объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалар;
жөндеу жұмыстарын орындау жоспарлары (бағдарламалары)

_______________________________________________________________________________
.
(бағдарламалар мен жоспарлардың атауы және олардың бекітілген күні)
5. Мыналарды*:
1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды
және оларға техникалық қызмет көрсетуді;
2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздікті;
3) қоршаған ортаны қорғауды;
4) метрологиялық бақылауды;
5) технологиялық процесті және берілген сападағы өнімдерді шығаруды сақтау (тек " мұнай-
газ-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне ғана қолданылады);
6) магистральдық құбырларды пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды
("магистральдық құбырларды пайдалану" қызметтерінің кіші түрлеріне ғана қолданылады)
қамтамасыз ететін қызметтер және (немесе) жауапты тұлғалар:

_______________________________________________________________________________
_.
(жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың болуы туралы ақпарат)
Осы тармаққа ескертпе:
* көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау; көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау жөніндегі қызмет үшін талап етілмейді.
6. Біліктілік құрамының болуы туралы ақпарат:
1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы үшін – көмірсутектер
саласында жоғары техникалық білімі, көрсетілген салада кемінде 3 жыл жұмыс

тәжірибесінің болуы*

________________________________________________________________________________
_;
(мәлімделген кіші қызмет түрлерін ұйымдастыруды жүзеге асыратын техникалық басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))
2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық немесе орта арнаулы білімі бар және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл* болатын 3 маман

________________________________________________________________________________
_.
(мәлімделген қызметтің кіші түрлерін орындайтын 3 маманның тегі, аты,
әкесінің аты (бар болған жағдайда)).
Осы тармаққа ескертпе:
* техникалық басшы мен мамандардың көмірсутектер саласындағы мамандық бойынша
практикалық жұмыс тәжірибесі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес
еңбек қызметін растайтын құжаттар бойынша анықталады.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 31 қазандағы
№ 338 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2020 жылғы 10 сәуірдегі
№ 139 бұйрығына
1-қосымша

## "Көмірсутектер саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Көмірсутектер саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия" мемлекеттік қызметін көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысаны – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалана отырып ресімделетін және алынатын, қағаз жеткізгіштегі рұқсатпен мәні бірдей электрондық құжат нысанындағы рұқсат;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

4) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі – лицензиялауды, сәйкестендіру нөмірін бере отырып, рұқсат алу бөлігінде рұқсат беру рәсімдерін электрондық түрде жүзеге асыруға, өтініш берушінің хабарлама жіберуіне және осы процестерді қамтамасыз етуге арналған, "электрондық үкіметтің" құрауышы болып табылатын ақпараттық жүйе;

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

6) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. "Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия" мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет

көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың (бұдан әрі – Талап) тізбесі осы Қағидаларға 1 -қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы Талаптардың 8-тармағында көрсетілген "Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия" мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттарды жолдайды.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы Талаптың 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) Талаптың 8-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мәлімделген қызмет түріне және (немесе) кіші түріне ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-мен қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесіне рұқсат беру бақылауын жүргізуге сұрау салуды электрондық нысанда жібереді.

8. Аумақтық бөлімшенің қызметкері және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері сұрау түскен сәттен бастап 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 бұйрығымен (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9998 болып тіркелген) бекітілген Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне ( бұдан әрі – Біліктілік талаптары) сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтайды, оның нәтижелері бойынша аумақтық бөлімшенің қызметкері және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері және көрсетілетін қызметті алушы қол қойған қорытындыны (бұдан әрі – қорытынды) дайындайды.

Аумақтық бөлімше басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы қорытынды портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімше қызметкерінің және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің қорытындысын қарайды.

Талаптың 9-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тыңдау өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жібереді.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды ұсыну арқылы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту не осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және ( немесе) лицензияға қосымшаны (бұдан әрі – лицензия және (немесе) лицензияға қосымша) беру туралы шешім қабылдайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

10. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мынадай:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;

2) дара кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиатты бірігу, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғаға қосу, бөлініп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген ( лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда);

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

6) қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

Егер Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, " объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетілген лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болса, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды.

Лицензиаттар мен лицензияларға қосымшаларда көрсетілген объектілердің мекенжайларының бұлай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

11. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері Талаптың 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толықтығын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері Талаптың 9-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіздер және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды дайындайды.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде ҚР ӘРПК-ның 73-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тыңдау өткізілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық

бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.

12. Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу осы Қағидалардың 7, 8 және 9-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз нысанда берілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оларды электрондық форматқа аударады және лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысанын алады.

14. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

15. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

16. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушының әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы көрсетілетін қызметті алушыға белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган қажет болған жағдайда шағымды қарау мерзімін:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК-ның 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

17. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК-ның 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.

"Көмірсутектер саласындағы<br>жұмыстарға және көрсетілетін<br>қызметтерге лицензия беру"<br>мемлекеттік қызмет көрсету<br>қағидаларына<br>1-қосымша

## "Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| |
|---|
| Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия".<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:<br>1) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер;<br>2) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары;<br>3) көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар;<br>4) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары; |

| | | |
|---|---|---|
| 5) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұңғымаларды бұрғылау;<br>6) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою;<br>7) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу;<br>8) көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту;<br>9) теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар;<br>10) мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану;<br>11) көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау;<br>12) көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау;<br>13) магистральдық құбыржолдарды пайдалану. | | |
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі |
| 2. | Көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы ( бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны, оның ішінде лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлға-лицензиат бөліну және бөліп шығару түрінде қайта құрылған жағдайда берген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні;<br>2) лицензия және заңды тұлға бөліну және бөліп шығару түрінде қайта құрылған жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 2 (екі) жұмыс күні. |
| 4. | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған). |
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту. |
| | | Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыларға ақылы негізде көрсетіледі.<br>Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | бойынша жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленеді:<br>1) көмірсутектер саласындағы қызметтің жекелеген кіші түрлерімен айналысу құқығына байланысты лицензияны беру кезінде лицензиялық алым мынадай кіші қызмет түрлері үшін 100 айлық есептік көрсеткіштен ( бұдан әрі – АЕК) тұрады:<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұңғымаларды бұрғылау;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту;<br>теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар;<br>мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану;<br>көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау;<br>көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | магистральдық құбыржолдарды пайдалану;<br>2) көрсетілген қызметтің кіші түрлеріне лицензияларды қайта ресімдегені үшін (лицензия алуға өтініш электронды түрде берілген кезде) – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 8 %-ын құрайды;<br>3) лицензияның телнұсқасын бергені үшін алым мөлшерлемесі ( лицензия алуға өтініш электронды түрде берілген кезде) – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 80 %-ын құрайды.<br>Төлем қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ порталда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады. |
| 7. | Жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) ақпарат объектілері (портал) – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады). |
| | | 1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:<br>"Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық түрдегі лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші ;<br>ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген кіші қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9998 болып тіркелген) көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) мәліметтер нысаны (бұдан әрі – мәліметтер нысаны);<br>2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:<br>Тізбеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде қайта ресімдеу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші;<br>ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген кіші қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі;<br>3) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастыру кезінде:<br>Тізбеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде қайта ресімдеу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші;<br>ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі;<br>мәліметтер нысаны.<br>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы, лицензия туралы, алым сомасын бюджетке төлеу туралы анықтаманы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.<br>Шетелдік заңды тұлға, шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік | |

| | | |
|---|---|---|
| | | тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) болмаған кезде көрсетілетін қызметті алушы туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын басқа да құжаттарды ұсынады. |
| 9. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу кезінде:<br>Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса;<br>лицензиялық алым енгізілмесе;<br>өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) Біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;<br>лицензиар (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің (көрсетілетін қызметті алушының) лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алса;<br>өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса;<br>сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салса;<br>өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталса;<br>2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімделмеуі;<br>3) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған кезде: |

| | | |
|---|---|---|
| | | лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе тиісінше ресімдемеген жағдайда;<br>өтініш беруші Біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;<br>егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғаларды-лицензиаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандардың ішіндегі басқа заңды тұлғаға бұрын қайта ресімделген жағдайда. |
| 10. | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, қойылатын өзге де талаптар | 1) мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: www.gov.kz Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының " Энергетика министрлігі" деген бөлімі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" деген кіші бөлімінде; порталда орналастырылған;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар;<br>4) портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді;<br>5) мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының " |

| | | |
|---|---|---|
| | | Энергетика министрлігі" деген бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414, 8 800 080 7777. |

"Көмірсутектер саласындағы жұмыстар
мен көрсетілетін қызметтерге
лицензия" мемлекеттік қызмет
көрсетуге қойылатын
негізгі талаптар тізбесіне
1-қосымша

Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші**

______________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) тегі), жеке сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________________________________

(қызметтің түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрі (лері) нің толық атауы көрсетілсін )

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште

_________________________________________________________________

(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)

беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ________________________________

______________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ______________________________________________________

Телефондары____________________________________________________________

Факс ______________________________________________________________________

Банк шоты ____________________________________________________________________
__
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы
_________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________
______
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) ______ парақ қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері
бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға
сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық
жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес
деректерді пайдалануға келісімін беретіні;

өтініш берушінің халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыскерінің өтінішті электрондық
цифрлык қолтаңбамен растауына келісетіні (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы
жүгінген жағдайда) расталады.

Жеке тұлға ___________________ __________________________________

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)

Толтыру күні: 20___ жылғы "__" ___________

"Көмірсутектер саласындағы
жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтерге лицензия"
мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне

2-қосымша

Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші**

_____________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

_____________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан орны,
бизнес- сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің
бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____________________________________________________________________________

(қызметтің түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрі (лері) нің толық атауы көрсетілсін )

_____________________________________________________________________________

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште

_________________________________________________________________

(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)
беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы ______________________________________________

_____________________________________________________________________________

(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта ____________________________________________________
Телефондары__________________________________________________________
Факс_________________________________________________________________
Банк шоты ___________________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
______ парақ қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін беретіні;

өтініш берушінің халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыскерінің өтінішті электрондық
цифрлық қолтаңбамен растауына келісетіні (халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы жүгінген жағдайда) расталады.

Осымен, өзім ұсынған (толтырған) ақпараттың анықтығына Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес жауапты болатынымды растаймын.

Басшы ____________________________ ___________________________________
(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)
Толтыру күні: 20__ жылғы "__" ____________________

"Көмірсутектер саласындағы
жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтерге
лицензия" мемлекеттік қызмет
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
3-қосымша

Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

________________________________________________________________________
__
(лицензиардың толық атауы)
___________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі), жеке сәйкестендіру нөмірі)

__________________________________________________________________________

(қызмет түрінің және (немесе) кіші түрі(лері)нің толық атауы)
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) қайта ресімдеуді сұраймын (керегінің астын сызу) №__________ бастап "___" ___________ 20____ берілген)

__________________________________________________________________________

(лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның (лардың) нөмірі (лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды) берген лицензиардың атауы)
__________________________________________________жүзеге асыруға
(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрі (лері) нің толық атауы)
(тиісті тор көзде Х көрсетіңіз):
1) жеке тұлға-лицензиаттың аты, әкесінің аты (болған жағдайда) тегі өзгерген
_______________________________________________________________________;
2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгерген
___________________________________________________________________________
____;
3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгерген
_____________________________________________________________;
4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиаттың
үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия иеліктен шығарылған
____________________________________;
5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның
орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген
___________________________________________________________________________
____;
6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда
_____________________________________________________________;
7) қызмет түрінің атауы өзгерген ____________________________________________;
8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгерген_______________________________________;
қағаз жеткізгіште ________ (егер лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда

Х белгісін қою керек) қайта ресімдеуіңізді сұраймын.
Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ________________________________
____________________________________________________________________________
____
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)
Электрондық пошта __________________________________________________
Телефондар _______________________________________________________
Факс ____________________________________________________________
Банктік шот ______________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы
_______________________________________________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)
______ парақ қоса беріледі.
Осымен:
көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері
бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) іші түрімен айналысуға
сот тыйым салмайтыны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып
табылатындығы;
өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық
жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес
деректерді пайдалануға келісімін беретіні;
өтініш берушінің халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық
цифрлық қолтаңбамен растауына келісетіні (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы
жүгінген жағдайда) расталады.
Жеке тұлға ______________________ __________________________________

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)
Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Көмірсутектер саласындағы
жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтерге лицензия"
мемлекеттік қызмет
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
4-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші**

______________________________________________________________________
(лицензиардың толық атауы)
___________________________________________________________________________
(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру
нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды
тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) қайта ресімдеуді сұраймын (керегінің астын сызу)
№__________ бастап "___" _________ 20___ берілген)
_______________________________________________________________________
(лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның (лардың) нөмірі (лері), берілген күні,
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды) берген лицензиардың атауы )
_________________________________________________жүзеге асыруға
(қызмет түрінің және(немесе) қызметтің кіші түрі(лері)нің толық атауы)
(тиісті тор көзде X көрсетіңіз):
1) заңды тұлға-лицензиаттың "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес ( тиісті тор
көзде X көрсетіңіз):
бірігу ______________________________________________________________
қайта құру __________________________________________________________
қосылу _____________________________________________________________
бөліп шығару________________________________________________________
бөліну ___________________________жолымен қайта ұйымдастырылуы;

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ________________________________;
3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____________________;
4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы Заңның 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиаттың үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге " объектілерге
берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы
________________________________________;
5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбыы бойынша берілген лицензия үшін немесе
лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның
орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі
____________________________________________________________________________;
6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда __________________________________________________________;
7) қызмет түрі атауының өзгеруі ____________________________________________;
8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі ____________________________________;
қағаз жеткізгіште (егер лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін
қою керек) қайта ресімдеуіңізді сұраймын
Заңды тұлғаның мекенжайы _______________________________________________
(елі (шетелдік заңды тұлға үшін), пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта ______________________________________________________
Телефондар ____________________________________________________________
Факс __________________________________________________________________
Банктік шот ____________________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы
___________________________________________________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат
(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
______ парақ қоса беріледі.
Осымен:
көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері

бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға
сот тыйым салмайтыны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;
өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық
жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес
деректерді пайдалануға келісімін беретіні;
өтініш берушінің халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыскерінің өтінішті электрондық
цифрлық қолтаңбамен растауына келісетіні (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы
жүгінген жағдайда) расталады.

Басшы ____________________________ _________________________________
(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)
Толтыру күні: 20__ жылғы "__" ________________

"Көмірсутектер саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша

Нысан

| | | |
|---|---|---|
| [УО атауы (мемлекеттік тілде)]<br>УО деректемелері мемлекеттік тілде | | [УО атауы (орыс тілінде)]<br>УО деректемелері орыс тілінде |
| Өтінішті одан әрі қараудан/ мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту | | |
| Нөмірі: [ нөмірі]<br>Берілген күні: [берілген күні] | | [Өтініш берушінің атауы] |
| [МО атауы] Сіздің [Өтініш берген күн] № [Өтініш нөмірі] өтінішіңізді қарап, ________________________ ______________________________ хабарлайды.<br>[Бас тарту себебі]. | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| [Уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы] | | [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда )] |

"Көмірсутектер саласындағы
жұмыстарға және көрсетілетін
қызметтерге лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Хабарлама**

_______________________________________________________________ берілді
(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)
Осымен ____________________________________________________________МО
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
Сіздің [өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарап, көрсетілетін қызметті беруші "Көмірсутектер саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге лицензия"
мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі бойынша алдын ала шешімге
_________________________________________________
________________________________________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)
ұстанымын _______________________________________________________________
(тыңдау өткізілетін күні, уақыты және орны)
білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.
Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы _____________________________________
_
________________________________________________________________________
(көрсетілетін қызметті берушінің басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда ),
лауазымы)
Хабарлама жолданған күні және уақыты:
20__ жылғы "___" ________ "__" сағат "__" мин

"Көмірсутектер саласындағы

жұмыстарға және көрсетілетін
қызметтерге лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Лицензия**

20____ жылғы "___" ___________ №______________

________________________________________________________________________

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

_____________________________________________________________ айналысуға

_________________________________________________________________берілді

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру
нөмірі)

Ерекше шарттары _______________________________________________________

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескерту: _______________________________________________________________

(иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар _____________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) ___________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қолы ___________________ (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Мөр орны (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Алғашқы берілген күні: "___" ____________ _______ ж.

Лицензияның қолданылу кезеңі: "___" ____________ _______ ж.
Берілген орны ____________________________________________________________

"Көмірсутектер саласындағы
жұмыстарға және көрсетілетін
қызметтерге лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Лицензияға қосымша**

Лицензияның нөмірі ____________
Лицензияның берілген күні 20__ жылғы _________________
Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі(лері)____________________

__________________________________________________________________________
("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)
Лицензиат _______________________________________________________________
(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру
нөмірі)
Өндірістік база және/немесе объект__________________________________________
(орналасқан жері)
Лицензияның қолданылуының ерекше шарттары______________________________
("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
36-бабына сәйкес)
Лицензиар _______________________________________________________________
(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)
Басшы (уәкілетті тұлға)_____________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Қолы ______________ (қағаз жеткізгіштегі қосымшалар үшін)
Мөр орны (қағаз жеткізгіштегі қосымшалар үшін)
Қосымшаның нөмірі ________________
Қолданылу мерзімі "____" ______________ _____ ж.
Қосымшаның берілген күні ________________ 20 ____ ж.
Берілген орны ________________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК